

12006

7797 10

АКСЫЗДЫК БАСТАУДАРЫНДА МЕЛДІРГІ СЫРЫ



К. Жүкешев
F. Сапарғалиев Г. Асанбекова

АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ

9



«МЕКТЕП» БАСПАСЫ



Қ. Жукешев,
F. Сапарғалиев, Г. Асанбекова

АДАМ. ҚОҒАМ. ҚҰҚЫҚ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім жөне гылым министрлігі бекіткен*



АЛМАТА “МЕКТЕП” 2005

ББК 60я72
Ж86

Арнайы редакторы С. Мажитов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ә. Марғлан атындағы сыйлықтың лауреаты

Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты

Жүкешев Қ.М., т.б.

Ж86 Адам. Қоғам. Құқық: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Қ. Жүкешев, Ф. Сапарғалиев, Г. Асанбекова. — Алматы: “Мектеп” баспасы, 2005. — 256 бет.

ISBN 9965—33—303—3

Оқулыққа адам, қоғам, құқыққа қатысты ғылыми материалдар енгізілді. Олардың ішінде адам мәселеісі негізгі болып табылады. Қоғам туралы түсініктер дүние жүзінің және Қазақстанның дамуы мысалдарымен, сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени аялар шеңберінде сипатталады. Білім мазмұны Қазақстан Республикасының әр азаматы білуге тиісті ғылыми терминдермен, қаралайым үғымдармен және айқындаамалармен берілген.

**Ж 4306020800—101 84(1)—05
404(05)—05**

ББК 60я72

© Жүкешев Қ., Сапарғалиев Ф.,
Асанбекова Г., 2005

© “Мектеп” баспасы, көркем безендірілуі, 2005

Барлық құқықтары коргалған
Басылымның мүліктік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі достар! Сіздер енді бірер жылдан кейін қалаған мамандықтарының таңдал, бағдарлы мектептердің немесе арнайы білім беретін оқу орындарының бірінде оқуды одан өрі жалғастырасыздар. Кейбіреулеріңіз бірден өндірістік еңбекке араласып, қогамнан өз орындарының тауып, өз беттерінізben өмір сүре бастайсыздар. Қазірдің өзінде сіздерді “Мен кіммін?”, “Өмірімді қандай мұраттарға арнаймын?” деген сұрақтар толғандыра бастаса, сіздерге ақылымен, кеңесімен көмекке келер ата-аналарының, мұғалімдеріңіз, достарының бар. Сонымен қоса сіздерге әрқашанда көмекке келуге дайын тұратын, өздерінізді толғандырган сұрақтарға жауап тауып бере алатын, аса қадірлі тағы бір достарының бар екенін ұмытпаңыздар. Ол — сіздердің қолдарыныңдағы “Адам. Қоғам. Құқық” пәні оқулығы. Бұл кітаптан сіздер адам, қоғам, табиғат туралы кез келген саналы адам білуге тиісті ең қажетті, кең таралған мағлұматтармен танысасыздар.

Оқулықта жас үрпақ өкілінің азаматтық және құқықтық қоғам құрылышына белсene араласатын, жалпыадамзаттық және үлттық құндылықтарды заман талабына сай менгерген, айналада болып жатқан оқиғаларға қатысты өзіндік тұрғысы мен көзқарасы бар, өз Отаның шын сүйетін, саналы азамат болып шығуына септігін тигізетін білімдер қамтылған. Бұл оқулықтағы жинақталған білім сіздердің өмірлік қызметтерінізді қанағаттанарлық дәрежеде атқаруға, қактығысты және қайшылықты жағдайларда қалыптасқан ахуалды ғылыми тұрғыдан объективті бағалап, дұрыс жол таба білуге көмектеседі.

Адамзат тарихы басынан өткөрген үзак мерзім ішінде қоғамның даму зандылықтарына, мәдениеттері ерек-

шеліктеріне, қазіргі кездегі дүние жүзінде болып жатқан үрдістерге арнайы сипаттама берілді.

“Қоғам” ұғымы дүниежүзілік және Қазақстан қоғамына ажыратылып, қоғамның негізгі даму бағыты: экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және мәдени-рухани өмір аяларына жіктеліп қарастырылады.

Адамның өмірі мен қызметіне қатысты материалдар — оқулықта қамтылған білім мазмұнының бастыларының бірі. Қоғам мен табиғат туралы мәселелердің қайсысында болса да, олардағы негізгі ұғым ретінде адам мәселесі көрініс беріп отырады.

Қоғамның мәдени-рухани аясы тақырыбында жас үрпақтың тұлға ретінде қалыптасуына мәдениеттің әсері мен мораль туралы мәселелер қамтылған. Адамның қоғамдық қызметінде және отбасында қажет болатын тәртіптер мен қалыптар да аталған тарауда берілген.

Ғылыми-техникалық прогрестің даму қарқыны барған сайын үдей түсуде. Дүние жүзінің әрбір түкпірінен шығып жатқан ақпараттар ағынына ілесе білу, заман қарқынынан қалыспау үшін сіздерге сапалы білім беретін, сара бағыт көрсететін, ақыл қосатын, сындарлы әрекетке бастайтын оқулық материалдарын жете мен-геруге тиіссіздер.

I тарау. АДАМНЫҢ ТАБИГАТЫ



§ 1. АДАМ

Адам мәселесі. Адамның табигаты. Ежелгі дәуір философиясындағы адам бейнесі. Адамның бойындағы табиғи және әлеуметтік нышандар.

Адам мәселесі. Галымдардың жорамалдауынша, бұдан 40 мың жыл бұрын Жер бетінде алғашқы адамзат өкілі *Homo sapiens* (“Саналы адам”) пайда болған. Сол дәуірден қазірге дейінгі аралықта адамның *Адам* туралы, оның тегі, қызметі, өмірінің мәні, келешегі туралы ойланбаған кезі болмаған шығар. Кез келген саналы, зиялды қауым өкілінің де адам, қоғам және қоршаған орта туралы ой сараламайтыны кемде-кем. Сонау ежелгі дәуірден бергі ғұламалардың арасында да адам мен қоғам хакында азды-көпті өз түжірымын айтпай кеткені жоқ деуге болады.

Адам және оның тегі туралы аңыздық түсініктер де алуан түрлі. Адам мәселесімен *антропология, социология, этнология, педагогика, анатомия, физиология, психология* ғылымдары айналысады. Соның нәтижесінде адам мәселесі қазіргі ғылымда жан-жақты, біршама толық зерттелген тақырып деуге болады. Әйтсе де адам, қоғам, табиғат және олардың өзара байланысы мәселелері — қанша зерттесе де таусылмайтын, бір қырынан кейін екінші қыры көрініс беретін, бір құпиясын ашсан,

екіншісі алдыңдан көлденең тартылатын, сырлы даражап дүние. Осы бір тылсым дүниеге сапарымызды адамның табиғаты туралы бүгінгі ғылымның қол жеткізген тұжырымдарын сарапаудан бастайык.

Адам туралы барлық ғылыми ұғымдар мен пайымдаулардың жыныстығы адам мәселесін құрайды. Олардың қатарында адамның табиғаты, адамның өмірі, адамды өзге жануарлар дүниесінен өзгешелейтін факторлар, адамның тәні, жаны, рухани дүниесі және олардың арасындағы байланыстар, адамның шығу тегі, қазіргі күйі, болашағы сияқты толып жатқан сарапаулар мен түсініктер бар.

“Адам” ұғымы. Материалистік бағытты ұстанатын зерттеушілер адамды өзге тіршілік иелерімен — жануарлармен (соның ішінде, маймылмен) генетикалық байланыста қарастырады. Адам жануарлардан еңбек құралдарын жасай алатындығымен, сөйлеу және ойлау қабілетімен және саналылығымен ерекшеленеді.

Адам—Жерде мекен ететін тірі организмдердің жогары сатыда дамыған түрі, қогамдық-тарихи қызмет пен мәдениет субъектісі, биоэлеуметтік мәнділік.

Ежелгі қытай, үнді, грек, казақ философиясында адам гарыштың бір бөлігі, өзінше кіші әлем — микроғосм, үлкен әлемнің — макроғосмның бейнесі және символы ретінде сипатталады.

Адам бойындағы табиғи және әлеуметтік нышандар. Адам — тәнілік пен руханилықтың, табиғилық пен әлеуметтіктің, мұралыққа иеленгені мен өмірден қабылдағандарын бірлікте алып жүретін пенде. Тірі организм ретінде адам қоршаған құбылыстармен табиғи байланыста болады және биологиялық (биофизикалық, биохимиялық, физиологиялық) заңдылықтарға бағынады. Сондай-ақ адам саналы психикасы деңгейінде және тұлға ретінде өзіндік ерекше заңдылықтары бар әлеуметтік болмыстан да тыскары қала алмайды. Адамның тәни, морфологиялық үйымдасуы — әлемнің бізге мәлім бөлігіндеі материя үйымдасуының ең жогары деңгейі. Адам ғасырлар бойы адамзаттың жинақтаған ілімінің бәрін өз бойына дарыта алады. Бұл дарыту мәдени дәстүрлермен қауышу және биологиялық тегіне тарту тетіктері

арқылы жүзеге асырылады. Бала генетикалық ақпарат қорларын ми құрылымы, жүйке жүйесі және ата тегінен берілген қасиеттер арқылы иеленеді.

Алайда табиғи тұқым қуалаушы қасиеттер тек өлеуметтік өмір салты жағдайында, баланың ересектермен араласу үрдісінде дамиды және жүзеге асырылады. Адам өмірінің себеп-салдарлылығы биологиялық және өлеуметтік элементтерден тұратын жағдайлардың тұтас жүйесімен айқындалады (детерминация). Бұл жерде аталған тұтас жүйенің биологиялық жақтары дамудың қозғаушы күші бола алмайды, тек қажетті шарттар жасау рөлін атқарады. Адамның әрекеті, оның ой және сезім көріністері ол өзі өмір сүрген объективті тарихи жағдайларға, өзі өкілі болып табылатын өлеуметтік ортаға төуелді. Адамның рухани өмірінің мазмұны оның тегімен, тұқым қуалайтын қасиеттерімен бағдарланбайды. Олар адамға қоғамның ықпалымен, оның шығармашылық қызметке ынтастымен, қабілеттіліктің даралық әрекшеліктерімен де қалыптасады. Бұл қасиеттер белгілі бір денгейде, әсіресе жоғары жүйке жүйесі әрекшеліктері арқылы, адамның икемділіктері мен қабілеттерінің дамуына өсер етеді.

Өмірге қадам басқан әр адам өзінен бұрын өмір сүрген үрпақтардың қолымен жасалған заттар әлемі мен өлеуметтік жағдайларға тап болады. Сондай-ақ мәдениет жетістіктері адамға шынайы жағдайда, дайын күйінде игеру үшін берілмейді. Қызметтің өлеуметтік, тарихи қалыптасқан формаларын игеру жеке адамның қалыптасуының басты шарты және тетігі болып табылады. Бұл формаларды өзінің жеке қабілетіне және өзінің даралығының бір бөлігіне айналдыру үшін адам сәби кезінен бастап ересектермен үнемі араласуы, олардан үйренуі және оларға ұқсауға тырысуы керек. Соның нәтижесінде дамып келе жатқан адам еңбек құралдарын пайдаланып, ақылмен әрекет етуді, түрлі рәміздерді ангаруды, сөздерді, түсініктер мен үғымдарды, өлеуметтік қалыптардың барлық жиынтығын менгереді. Адами сипаттарды менгерे отырып, сәби мәдениеттің болмысымен қауышады. Бұл қауышуда адамдардың сезімдері мен дүниеге қатынастары — көру, есту, иіскеу,

сезіну, түйсіну, ойлау, елестету, толқу, тілек, қызмет, махаббат, бір сөзben айтқанда, оның даралығының барлық тетіктері катысады.

Адам жалғыз өмір сүре алмайды. Ол — әлеуметтік жаратылыс. Адамды адам ететін бірден-бір күш — қоғамғана.

Мәдениетпен қауышу үрдісінде адамда өзінің тілек-қалаудынан және түйсіктің ерік күшімен реттей алуынан көрінетін өзін-өзі бақылау тетігі қалыптасады. Мұндай өзін-өзі бақылау, шын мәнінде, әлеуметтік бақылау болып табылады. Ол қарастырылып отырган әлеуметтік топ үшін қолдануға келмейтін импульсті жанышып тастанады және қоғам өміріне қажетті жағдайлар жасап отырады. Адамзат қаншалықты жетік дамыған сайын, білім, тәрбие беру және адамды тұлға ретінде қалыптастыру проблемалары да курделілене береді. Құқықтың, моральдың, тұрмыстың тарихи қалыптасқан нормалары, ойлау және грамматика ережелері, эстетикалық талғам т.б. адамның тәртібі мен ақылын орнықтырады, жеке адамнан белгілі бір өмір салтының, мәдениеттің немесе психологияның өкілін қалыптастырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қоғамнан қол үзген ересек адам кандай күй кешуі мүмкін? Ағылшын жазушысы Д. Дефоның көпшілікке танымал “Робинзон Крузо” романындағы бас кейіпкердің басынан кешкендерін еске түсіре отырып, ересек адамның адамдар қоғамынан ажырап қалғандағы тәртібіне сипаттама берініздер.
2. Адамның және жануарлардың бойындағы биологиялық нышандарды салыстырыңыздар.
3. Адамның бойындағы әлеуметтік нышандарға сипаттама берініздер.
4. Ағылшын жазушысы Р. Киплингтің Маугли — ойдан сомдалған кейіпкер, “Джунгли кітабы” — романтикалық пайымғана. Осы тұжырыммен келісесіздер ме?

Детерминизм (лат. *determinans* — анықтау) — барлық құбылыстардың жалпылама заңды байланыстары мен себептік шарттары туралы ілім.

Жеке адам (орыс. индивид, лат. *individuum* — белінбейтін) — обьекті-пердің белгілі бір түрінен, тегінен белініп шыққан жеке обьект. Адам — адамзаттың жалқы өкілі, нақты антропологиялық және әлеуметтік белгілеріне қарамастан, ол жеке кісі, демек, индивид.

Категория (грек. *kategoria* — айтамын, куәландырамын) — болмыстың жалпы белгілері мен байланысын сипаттайтын үғым.

Материя (орыс. *вещество*, лат. *materia*) — адамның санасынан тәуелсіз және оның санасы бейнелейтін объективті нақтылық.

Мәнділік (орыс. *существо* — өмір сүруші) — өзгелермен үнемі байланыста, өзара әрекеттесуде және үнемі өзгерісте болатын нәрсе немесе жан иесі.

Субъект және **объект** (лат. *subjectum* — тиесілі, *objecitum* — нәрсе, зат) — философиялық категориялар. "С" — белсенді әрекет жасайтын және тануға қабілетті, санасы мен еркі бар индивид немесе әлеуметтік топ. "О" — субъектінің танымдық және өзге қызметі бағытталған нәрсе, зерттелетін зат, құбылыс.

Философия (грек. *phileo* — сүйемін, *sophia* — даңышпандық) — адамның өзін қоршаган дүниеге қатынасының жалпы формалары мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым, қоғамдық сана формаларының бірі, адам проблемасын зерттейтін адамзат мәдениетінің ерекше саласы.

Эмпиризм (грек. *empeiria* — тәжірибе) — "білім көзі тәжірибеде" деп есептелеғін таным теориясындағы бағыт.

§ 2. ӘР АДАМ — ҚАЙТАЛАНБАС ТҮЛГА

Даралық. Жеке адам. Түлға және оның қалыптасуы.

Табиғаттың сырына үңілген сайын, қоршаган орта туралы неғұрлым көбірек білген сайын, олардың гажаптығы бізді бұрынғыдан да таңдандыра, тамсандыра түседі. Қоғамдағы адамның мәнін ашуға көмектесетін үғымдар бар. Олардың негізгілерінә даралық, жеке адам (индивиду), түлға үғымдары жатады.

Даралықтың сипаты. Даралық (лат. *individuum* — бөлінбейтін) деп абсолютті қайталанбайтын, кеңістіктің сол нүктесінде, уақыттың сол мезетінде ғана өмір сүретін, кез келген өзге "даралықтан" мәнді айырмасы бар іштей шекіздікті айтамыз.

Бір ағашта өсіп тұрған миллион жапырақтың ішінен бірінен-бірі айнымайтын екі жапырақты табуға бола ма? "Жоқ", — дейді өсімдіктанушылар. Ол жапырақтардың бірі екіншісінен әйтеуір ерекшеленіп тұрады. Қаралайым, құралсыз көз кере алмағанымен, олардың ұқсамай тұрганын микроскоп ажыратып береді. Жағажайдың құмының ішінен де бірдей екі түйіршікті таба алмайсыз. Судың екі тамшысы да қайткенде бірі екіншісіне әйтеуір бір белгісімен ұқсамай тұрады. Қазіргі замандық физика ғылымы әлемде екі абсолютті тен өлшектің (электрондардың, фотондардың, протондардың) болуын жоққа шығарады. Қаралайым кезеңде бірдей болып көрініп тұрған нәрселердің, құбылыстардың, үрдістердің ешқайсысында бір-бірінен айнымайтын ұқсастық кездеспейді.

Бұл қағида адамдарға да қатысты. Бірін-бірі барлық жағынан толық қайталайтын, бірі екіншісінен айны-

майтын адамдар да болмайды. Тіпті егіздердің өздері бір-біріне ұқсас болып көрінгенімен, ата-анасы немесе достары оларды оңай ажырата алады.

Даралық қаастырылып отырган дербес өмір суруші организмнің ата тегінен иеленген және даму жолында қабылданған қасиеттерінің өзінше үйлесіп келген, өзіне тән нышандарын сипаттайды. Даралық — генотиптік және фенотиптік ерекшеліктерден көрінетін онтогенездің нәтижесі. Психологияда даралық проблемасы, ең алдымен, жеке адамның тұтас мінездемесімен — оның барлық қасиеттерінің, ойларының, сезімдерінің, еркінің, құлшынысының, зауқының, қажеттіліктерінің, уәждерінің, мұдделерінің, көніл ауанының, мұңзының, әрекетінің, қылыштарының, әдептерінің, икемділіктерінің, қабілеттерінің т.б. ерекшеліктерінің төлтума көптүрлілігімен байланысты қойылады. Осылардың нақты қабысып келуі әрекет үстіндегі “Мен”-нің бірегей тұтас құрылымын түзеді. Осылар байланысты даралық қаастырылып отырган адамға тән белгілердің жиынтығы ретінде сипатталады. Даралану адамның қарым-қатынас кезіндегі тәртібі арқылы, сол сияқты олардың іс-әрекет үстінде қабілеттерін көрсетуі арқылы жүзеге асырылады.

Дуние жүзінде қанша адам болса, сонша даралық, сонша тұлға, сонша тағдыр бар. Адамдардың тағдырлары ұқсас болуы мүмкін, бірақ бірдей болуы мүмкін емес.

Даралық — адамның бірегей және өмбебап қасиеттерінің бірлігі, тұтас жүйе. Бұл жүйе адамның жалпы, түрпатты және ерекше қасиеттерінің өзара әрекеттесу үрдісінде қалыптасады. Тарихи даму барысына орай, адамның даралануы барған сайын айшықтана береді.

Даралық – адамзаттың прогресс жолымен дамуы үшін қажетті шарттардың бірі. Жеке адамның даралануы мен жетілуі қоғамда қатып қалған консерватизм мен таптаурындарға (стереотип) қарсы қуресте маңызды рөл атқарады, адамдардың өздерін-өздері, қоғамды және коршаған ортанды үнемі жасампаздықпен өзгертіп, жетілдіріп отыруының кепілі бола алады.

Жеке адам ұғымы. Жеке адам туралы ғылыми түсінік адамды қоғамдық қатынастардың жиынтығының көрінісі ретінде қаастыратын биопсихоәлеуметтік

организм деген түсінікке негізделеді. *Жеке адам деп белгілі бір әлеуметтік ортаның өкілін, қогам мүшесін айтамыз.* Жеке адам өзгелермен салыстырмалы накты антропологиялық және әлеуметтік ұқастықтарына қарамастан, адамзаттың дара өкілі ретінде қарастырылады.

Жеке адам мәні жағынан, әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады. Даралық оның өзіндік әлемін айқындауды, өзіндік өмір жолын ерекшелейді. Адамның өмір жолы мазмұндық жағынан әлеуметтік жағдайлармен айқындалғанымен, оның тегі, құрылымы және формасы дара сипатта болады.

Сәби — жеке адам. Дегенмен, ол — өзірше дара тұлға емес. Жеке адам қогамда өз болмысында біршама дербестік алғаннан кейін ғана дара тұлғаға айналады. Жеке адам қашанда қоғаммен тығыз байланыста болады. Оларды бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Қогамда тіршілік еткендіктен, жеке адамның өмірі қоғамдық өмірдің көрінісі болып табылады. Әйтсе де жеке адам мен қоғамды тенестіруге де болмайды. Әйткені жеке адам өз тегінің жалпы белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшелігімен көрінеді.

Әр жеке адам — қайталанбас даралық, сонымен бірге ол өзімен белгілі бір тектік мәнін ала жүреді. Өзіндік санасты кемелденгенде, өзінің әлеуметтік міндеттерін түсінгенде, өзін тарихи үрдіс субъектісі ретінде сезінгенде, ол тұлға ретінде алға шығады.

Әр адам — қайталанбас тұлға. Әр адам әлеуметтік өмірден тек өзі болған жерден, өз мүмкіндігінше, өзіне тиістіні ғана алады. Жеке адамның әрқайсысы дамудың объективті шарттылығы сапасында қоғамның белгілі бір тарихи формасына тап болады. Алғышарттары о баста табиғат берген өз қасиеттерімен айқындалғанымен, жеке адам қоғамдық қызметтің объektісі өрі субъектісі болғандықтан, адамдардың тұлға ретінде дамуы тек қоғамда ғана толығымен қалыптаса алады. Адам тек қоғамдық мақсаттарды жүзеге асырудың құралы болып қана қоймайды, қоғамның алдында ерікті адамды қалыптастыру мақсаты туындаиды. Әрине, қоғам ерікті болғанда ғана адам ерікті бола алады.

“Тұлға” (лат. *personalitas*) ұғымы жеке адамды белгілі бір қоғамның немесе қауымдастықтың мүшесі ретінде

сипаттайтын, оның әлеуметтік маңызды нышандарының орнықты жүйесі мағынасында қолданылады. Мысалы, педагог оқушы-жасөспірімнің тұлғасы туралы; әлеуметтанушы жұмысшының тұлғасы туралы; криминалист қылмыскердің тұлғасы туралы; психиатр холериктің тұлғасы туралы айтқанда, олардың әрқайсысы, ең алдымен, адамды -- оқушы-жасөспірім, жұмысшы, қылмыскер немесе холерик етіп тұрған, солар үшін тұрпатты және мәнді, оларды өзгелерден абстракциялап тұратын нышандарды мензеп отыр деп түсіну керек.

Философияда тұлға — қогам мүшесі ретінде, әлеуметтік даралық сапасындағы адам, қогамдық қатынастардың жыныстығы айқындан тұратын биоәлеуметтік мәнділік, әлеуметтік өмірде болып жатқанның барлығын жинақтап, өз бойына сіңіріп алып жүрген адам.

“Тұлға” ұғымын “жеке адам” және “жеке тұлғалық” ұғымдарымен шатастыруға болмайды. Тұлғаның бірегейлігіне, карапайым тілмен айтқанда, даралығына ешкім шек келтіре алмайды.

Адамдардың қогамдық организм ретінде өмір сүруінің өзі олардың үнемі өзара әрекеттесулерін қажет етеді. Ол әрекеттесулер екі жакты болады. Қоғам жеке адамға әсерін тигізіп қана қоймайды, жеке адам да қоғамға сондай әсермен жауап беріп отырады. Адамның тұлға ретінде дамуына қажетті алғышарттардың бірі — оның табиғи қабілеттері болып табылады. Бұл, негізінен, қызмет объектісі болып табылатын адам өмір сүріп жатқан қоғамда іске асады. Жеке адам өзінің адам ретінде дамуына объективті жағдай бар қоғамда өмір сүрудін белгілі бір тарихи формасын табады.

Тұлға мәселесін философтар, тарихшылар, әлеуметтанушылар, өнертанушылар, экономистер, антропологтар зерттеу объектісі ретінде қарастырады. Педагогтар мен психологтар үшін тұлғаны қалыптастыру — ешқашан маңыздылығын жоғалтпайтын мәңгілік тақырып. Ғылыминың әр саласы зерттеудің мәніне өзіндік ұстанымдармен келеді. Олардың жұмыстарының нәтижелері қоғамдық тәжірибемен өлшенеді.

Ғылыми әдебиеттерде тұлғаның ондаған айқын-дамалары ұшырасады. Классикалық көркем әдебиетте тұлғаның түрлі әлеуметтік-тарихи типтері, бірегей кейіп-

керлер жасалған. Тұлғаны бейнелеуге арналған өнер туындылары да аз емес.

Тұлға негізі отбасында қаланады. Одан әрі тұлғаның қалыптасуы отбасы-балабақша, отбасы-мектеп одактарының ықпалымен өтеді. Тұлғаның қалыптасуына адамның (баланың) бос уақытын өткізетін ортасының, ол жүрген ұжымның әсері мол. Өмірде баланың ресми тәрбие орындарынан гөрі, кездейсок ортадан алған әсерлер жетегімен кететін жағдайлары да үшірасады.

Тұлғаның қалыптасу шегін айқындау мүмкін емес. Ол үрдіс өмір бойы жүріп жатады. Егер адам жеке басының бақыты мен қоғамның мүддесі үшін белсенді әрекет ете бастаса, сол кезден бастап оның тұлға ретіндегі әрекетінің мәні мен мазмұны туралы айтуға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дарапалыққа сипаттама беріңіздер.
2. Қоршаган ортада абсолютті тен бөлшектердің болуы мүмкін емес екендігін негіздеңіздер.
3. Жеке адамның қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?

§ 3. АДАМНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТИ

Адамның іс-әрекетіне сипаттама. Ис-әрекеттің типтері мен түрлөрі. Еңбектің мәні. Ис-әрекетке құлшының тудыратын факторлар. Мотивтер және мотивация.

Іс-әрекеттің сипаты. Қазақ тілінде “тіршілік” деген сөз бар. Бұл сөздің негізгі мәні жан иесі ретінде тіршілік етуді, демек, өмір сүруді білдіреді. “Тіршілік жасап жатырмыз” деген сөз “еңбек етіп жатырмыз, бір пайдалы іспен шұғылданудамыз” деген ұғымды білдіреді.

Айналамызға көз салып көреікші. Ертемен сіздер тұрып, сабакқа кетесіздер. Ата-аналарыңыз жұмыстарына, бауырларыңыз бен қарындастарыңыз да мектепке, балабақшаға барады. Қариялар да әрекеттен тыс қалмайды: бақшада, үде немесе басқа бір жерде белгілі бір пайдалы іспен шұғылданады.

Осылайша адам өмірі тұтастай әрекетпен, белгілі бір іспен шұғылданумен өтеді. Әрекетсіз адам болмайды, Өмір бар жерде — әрекет бар. Өйткені әрекет — адамның өмір сүруінің формасы.

Жалпы, өзінің өмірін қамтамасыз ету бағытында әрекеттеннұя барлық жан иелеріне тән құбылыс. Азанда мал да, аңдар да, балықтар да,

өзге тіршілік иелерінің бәрі өздерінің күнделікті тамақ тауып жеу тіршілігіне кірседі, өзінің өміріне қауіп тендеретін жыртқыштардан сақтану әрекеттерін жасайды, ұрпақ тарату қамымен айналысады.

Жануарлармен салыстырғанда адамның іс-әрекетінің мәні бөлек. Адамның тіршілігі өзінің субъектісі мен объектісінің белгілі дәрежеде бір-біріне қарсы қойылатындығымен ерекшеленеді. Адам өзіне материал ретіндегі қызмет объектісін қарсы қояды, ал объект адамның әрекетіне қарсы тұрады және жаңа форма мен қасиеттерді қабылдап, адамға қажетті өнімге айналады.

Адамның кез келген іс-әрекетінің мақсаты, құралы, нәтижесі және атқарылу үрдісі болады. Осылардан іс-әрекеттің сипаттамасы жасалады. Ис-әрекет қоғамның қозғаушы күшіне, прогресс факторына, қоғамның өзінің өмір сүру шартына айналады. Адамның іс-әрекетінің жануарлар әрекеттерінен мәнді айырмашылығы — оның мақсаттылығында және құралмен орындалатындығында. Мақсатсыз және құралсыз, тек түйсікпен істелетіндіктен, жануарлардың әрекеттерін іс-әрекет категориясына жатқызуға болмайды.

Іс-әрекет деп қоршаған дүниені мақсатты өзгертуге және жаңғыртуға бағытталған, онымен белсенді қатынас жасаудың тек адамға тән формасын айтамыз.

Іс-әрекеттің көптеген типтері мен түрлері бар. Ис-әрекет — рухани, материалдық, өндірістік, еңбекті және еңбексіз болып бөлінеді. Зерттеушілер көпшілік жағдайда адам еңбегі, адамның рухани, шыгармашылық және психикалық әрекеттері мәселелерін адамның іс-әрекетінің құрамдас элементтері ретінде қарастырады.

Адамның іс-әрекетінің мақсаты. *Мақсат — іс-әрекеттің көздеген нәтижесін алдын ала барлау және белгілі бір құралдарды пайдалана отырып, оған жету жолдары сипатталатын адамның тәртібі мен саналы қызметтіңін бір элементі болып табылады.*

Мақсат адамның түрлі әрекеттерін белгілі бір сабактастық пен жүйеге келтіре кіріктіру (интеграциялау) әдісі ретінде көрініс береді. Белгілі бір мақсатқа бағытталған қызметті саралау барысында көз алдында өтіп жатқан өмірлік ахуал мен алға қойылған мақсат арасындағы қайшылықтар ашылады. Сонда мақсатқа жету дегеніміз — осы қайшылықтарды шешу болып шығады.

Ол адам қызметінің элементтерінің бірі ретінде қоршаған ортаны жаңғыртуға бағытталады. Адамның мақсатының өзі объективті дүниеден туындалап, объективтілік қажеттіліктер деңгейінде көрініс береді. Оны ішкі құлшынысты тудыратын өндірістің мұрат түрткісі десе де болады.

Сондай-ақ адамның әрекет ету тәсілдерін және олардың сипаттын айқындаиды. Ол — мақсат — құрал — нәтиже жүйесіндегі түрлі әрекеттерді интеграциялаудың белгілі бір тетігі ретінде көрініс береді. Мақсат — түрлі актілер мен операциялардың сипаттын, жүйелік тәртіптерін айқындаитын әрекеттің жобасы. Мақсат айқын болғанда — іс-әрекеттің нәтижесі де белгілі. Ал іс-әрекеттің өзі — мақсатты жүзеге асырудың балама жолдары мен жоспарларының арасынан тиімдісін таңдал алып әрекет етудің күрделі үрдісі болып шығады.

Бұл жерде ескере кететін бір мәселе — мақсат пен оған жеткізегендегі құрал арасындағы қатынастан туындаиды. “Мақсаттың өзі құралды айқындаиды” деген кесірлі тезиске бас ұру адамгершілікке жатпайды. Мақсатқа жетудің адамгершілікке жат құралдарын таңдал алу мақсаттың өзінің адамилығынан айырылуына, оның жалған мақсатпен алмастыруына әкеліп соқтырады. Адамның мақсаты дұрыс болуы керек және оған жеткізегендегі құралы адаптациялық болуы керек.

Іс-әрекетке құлшының тудыратын факторлар. Адамды белгілі бір әрекетке құлшындыратын факторлар сипаты мен мәні жағынан түрліше болады. Психологияда адамды қызметтің белгілі бір түріне итермелейтін қозғаушы күшті мотив деп атайды.

Мотив (франц. *motif* — себеп, себепке итермелеву) дегеніміз — субъектінің өз қажеттіліктерін қанагаттандыруға бағытталған әрекетке қосылуы; субъектінің белсенділікке келтіретін және оның бағыттылығын айқындаитын сыртқы немесе ішкі жағдайлардың жиынтығы; тұрғаның саналы әрекетінің негізі және себебі. Қазіргі заманғы психологияда мотивтің қозғаушы тетіктері сапасында ізденимпаздық белсенділіктің нәтижесінде адамның материалдық және рухани қажеттіліктерінің өтелуі қарастырылады. Жануарларда мотив сапасында көрініс беретін объектилер диапазоны табиги және әр биологиялық түр үшін қызметтің түйсікті формасына лайықталуымен қатаң шектелген. Адамның мотивін дамыту қайнары материалдық және рухани құндылықтарды

өндіретін кең ауқымды қоғамдық үрдістер болып табылады. Осындағы потенциалды мотивтер сапасында сол қоғамға тән объективті құндылықтар, мұddeлер мен мұраттар алға шығады.

Адамды әрекеттің белгілі бір түрімен өз еркімен айналысуға итермелейтін мотивтер мақсаты мен сипаты жағынан әр түрлі болады. Қөшшілік жағдайда олар материалдық мұddeлермен айқындалады. Бұл адамның өлеуметтік болмысымен түсіндіріледі. Қәдімгі тіршілікке қажетті материалдық жағдайларды жасауға тырысу барлық жанды организмдерге тән қасиет. Бірақ бұл мәселеде адамның көзқарасы жануарлардан тіпті де өзгеше. Ол өзгешелік адамның ұзак мерзімге есептеп қор жинауға (демек, байлыққа) үмтүлсызымен, сұлу және сәнді заттарға құмарлығымен, өмірін өсемдікке толтыратын, тіршілігін женілдететін техникалық құралдарды (көлік, аудио- бейне- және түрмистық техника т.б.) иемденуге үмтүлсызымен айқындалады.

Дегенмен адамның өмірлік тіршілігі тек материалдық игіліктер жинауға арналмайтындығын естен шыгаруға болмайды. Адамның іс-әрекетке ынтасын оятатын мотивтер оның рухани қажеттіліктерден туындауымен түсіндіріледі. Адам табиғатынан білімге, ғылымға құмар. Қоршаған дүниені танып-білуге құштарлық тек адамға ғана тән, оны үнемі прогрессе жетелеп отыратын факторлардың елеулісі болса керек.

Көрек десеніз, адамға материалдық азықтан гөрі рухани азық көбірек қажет. Қазіргі адамдардың өмірін көркемөнерсіз, ақпаратсыз елестету мүмкін емес. Ал адамның сезім дүниесіне қатысты қызметтің өзі бір ерекше әлем. Қазіргі заманғы философтар адамның іс-әрекетін тұтас үрдіс ретінде қарастыра отырып, адамдар арасындағы қатынасты да оның құрамдық қурауыштарының бірі деп санайды.

Сұралктар мен тапсырмалар

1. Ис-әрекеттің түрпіттары мен түрлері қандай?
2. Жануарлардың тіршілік әрекеттері мен адамның іс-әрекеті арасындағы мәнді айырмашылықты көрсетіңіздер.
3. Адамның іс-әрекетіне себепші болатын факторларды атаңыздар.

§ 4. АДАМНЫҢ ҚАБІЛЕТІ

Қабілет және қабілеттілік. Дарынның сипаты, түрлері. Жад. Зият.

Қабілет пен қабілеттілік. Тұлғаның даралық қасиеттері қызметтің белгілі бір түрін жемісті аткарудың субъективті алғышарты болып табылады.

"Қабілет" дегеніміз — тұлғаның қызмет түрлерін атқару амалдары мен тәсілдерін тез, терең және орнықты мен-геруінен көрініс табатын, адамның оларды игеру мүмкіндігін шартастыратын ішкі психологиялық, реттеуіш қызметтің атқару мүмкіндіктерін көрсететін дара-психологиялық ерекшелігі.

Қабілет жеке адамның өзгелермен арақатынастарының күрделі жүйесінде, түрлі қызметтер атқару үрдісінде қалыптасады. Іс-әрекеттің кейбір нақты түрін атқару кезінде байқалатын қабілеттің түрлі құрауыштардан тұратын кешенді құрылымы болады. Бұл кең таралған есе қайтару (компенсация) құбылысымен байланысты: іс-әрекеттің кейбір түрлерін атқаруға қажетті жоғары қабілеттілікке кейбір құрауыштардың салыстырмалы әлсіз немесе мүлдем болмауы жағдайында өзге құрауыштарды дамыту арқылы қол жеткізуге болады.

Қалыптасқан қабілеттерді диагностикалаудың кәсіптік бағдар үшін үлкен практикалық маңызы бар. Кәсіптік іріктеу мен спортта қабілеттерді қалыптастыру мүмкіндіктері оларға сандық баға бере алатын тестілер арқылы жүзеге асырылады.

Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде іс-әрекеттің нақты түрлеріне қабілеттілікті қалыптастыру проблемалары үлкен орын алады. Іс-әрекеттің осы түрін игеруге бағытталған әрекет бағдарламасының ғылыми саралануының маңызы ерекше. Адамның қабілетін дамытудың түрлі бағыттарына арналып жасалған арнайы бағдарламалармен жұмыс жүргізіп, елеулі жетістіктерге жетіп жүргендер де аз емес.

Мысалы, сазды есту қабілеті жоқтарға оны дамыту әдістемесі жасалған. Осы әдістеме бойынша бұрын сазды, өуенде түсіне бермейтін балалардың өздері аспаптарда едәуір шебер ойнай алатын болады. Ешқашан сурет салып көрмеген адамның өзінен әжептәуір суретші шығуы мүмкін. Бұл кез келген адамның бойында бұғып

жатқан тылсым қуаттың, соның ішінде шығармашылық қасиеттің де мол ресурсының бар екендігін білдіреді.

Дарынның сипаттамасы. Қабілетті дамытудың сапалық деңгейі дарын және даналық үғымдарымен беріледі. *Дарын деп жаңалығымен, жоғары жетістігімен және қогамдық маңыздылығымен ерекшеленетін іс-әрекеттің, өнімін алуга мүмкіндік беретін қабілеттердің жиынтығын айтамыз.*

Дарынның жүздеген типтері мен түрлері болады. Адамзат үшін олардың бәрі қажет. Ол абсолютті есту немесе көру, әдеттен тыс үйлестірушілік (құрылым жасай алу, құрастыргыштық), найзағайдың жарқылындағы жылдам реакция немесе көркем шығармашылықта деген қабілеттілік болуы мүмкін. Мақсат осындағы дарындарды қайткенде ертерек оятуда, сол дарынға сай өуестікті дарытуда болса керек.

Көптеген зерттеушілер дарынның балаға ата тегі арқылы берілеттінін қуаттайты. Олардың тұжырымдауынша, белгісіз бір тылсым күш жоғалмай, ұрпактан-ұрпакқа ауысып отыратын сияқты. Мұны қуәландыратын айфактар да аз емес.

Мысал

Иоганн Себастьян Бахтың генеалогиялық өзегінде елу алты музикант, олардың ішінде жиырмасы жоғары деңгейдегі шеберлер болған екен.

Бұған қарсы айфактар да жоқ емес. Ата тегінде көрнекті тұлғалар болмаған қарапайым адамдардан шыққан данышпандар да жеткілікті.

Адамның зияттық (интеллектуалдық) ресурстары. Канадалық патофизиолог Г. Селье ғылыми жұмыстарды үйімдастыру туралы кітабында атом ядросында қаншалықты физикалық энергия болса, адамның миында соншалықты ойлау энергиясы бар деген тұжырымға келген екен. Демек, теориялық түрғыдан қараганда адамның мүмкіндігі шексіз.

Қатты күйзеліс жағдайында кейбір адамдардың таңғаларлық әрекеттер жасайтыны мәлім. Бұрынғы Чехословакияда болған бір апарттық ахуалда краннан құлап түсіп келе жатқан жүкті бір құрылышсызының көтеріп ұстап қалған екен. Сондай-ақ жиырма бір орынды санның

жынырма бір дәрежелі түбірін көп ойланбай-ақ таба алатын, "жұз сексенінші жылдың бірінші қаңтары аптаның жұма күніне келеді" деп бірден айта алатын, келесі күздің қай күні Батыс Еуропаның қай өнірінде қар жауып, қай өнірінде күн ашық болатының ойланбастан алдыңа жайып салатын ғажап қабілет иелерінің құдіретіне тәнті болсақ та, олардың ертегі емес екені анық. Адам алда болатын оқигаларды біле алады: мындаған шақырым алыстағы жақын адамының төтенше күйін мезетінде сезе алады. Телепатиялық құбылыстардың сырларын анықтауда да ғалымдар арасында бір мәнді тұжырым жоқ. Біз осы бір ғажап құбылыстың адамдар арасында іс жүзінде жұзеге асырылып жататының ғана білеміз.

Физиологтардың жорамалдауынша, адамның мис 15 млрд жүйке клеткаларынан — нейрондардан тұрады. Алайда адамдар ойлау қуатының осындай мол қорының оте аз мөлшерін ғана пайдаланады. Кейбір мәліметтерге караганда, қарапайым адамдар өз миында бар жүйке клеткаларының 4%-ының ғана қуатын жұмсап қызмет етеді, ал қалған 96%-ы резервте тұрады. Қазіргі заманғы психологтар: "Асқан ұлы ғалымдардың өздері бойындағы бар рухани мүмкіндіктің әрі кетсе 7—8%-ын ғана пайдаланып жұмыс істейді" — дегенді айтады. Егер білім мен тәрбие ойдағыдай берілетін болса, орташа қабилетті деп есептелінетін адамның кез келгені 30 томдық энциклопедияда жазылғанның бәрін менгеріп, бір-біріне үқсамайтын 5—6 тіл біліп алатынына толық сенім бар.

Мидың сырларын ашуға бағытталған кибернетиканың жетістіктерімен біздің ойлауымызды қозғалысқа келтіруге болады деп батыл айта аламыз. Қазірдің өзінде кибернетикалық құрылғылардың қатысуымен логикалық операциялардың модельдері және бірқатар ақылмен істелетін әрекеттер жасалады. Ағылшын математигі әрі философ *Бертран Рассел* адамды қолөнердің кез келгеніне үйреткендей, шығармашылыққа да үйретуге болады деп есептейді.

Жад және оның мүмкіндігі. Жад — іс-әрекет барысында қайтадан пайдалану мүмкіндігін тудыратын немесе оны сана аясында қайта жаңғыртатын бұрынғы тәжірибелі ұйымдастыру және сақтау үрдісі.

Жад субъектінің өткенін қазіргісімен және келешегімен байланыстырады, дамыту мен оқытуға негіз болатын аса маңызды танымдық функция атқарады. Жад ұзак мерзімдік, қысқа мерзімдік жүйешелерге және сенсорлық

(лат. *sensus* — сезім, сезіну) деп аталатын гипотетикалық жүйешеге бөлінеді.

Юлий Цезарь, Александр Македонский, парсы патшасы Кир 30 мыңдай жауынгерлерін атымен атап және түстеп білген екен. Эйгілі Фемистокл грек астанасында тұратын 20 000 адамның аттарын атап, түстерінен тани білген. А. Сенека байланыссыз 2000 сөзді бір естігеннен қайтадан сол ретпен айтып бере алған. Математик Леонард Эйлер жүзге дейнігі барлық санның алғашқы алты дәрежесін жатқа білген. Академик С.А. Чаплыгин және шахматшы Гарри Каспаров бес жыл бұрын кездейсоқ бір рет қоңыраулатқан телефонның нөмірін есінде сақтай алған.

Адам зымырап бара жатқан өмір көшінде санасында сәулө қалдырган, өзін толғандырган, өмірде болған мардымсыз бір оқиғаларды, сөздерді, дыбыстарды, белгілі бір кештегі батып бара жатқан күннің бояуларын есінде сақтайды. Қазіргі заманғы ірі математик және кибернетик Джон фон Нейманның есептеуі бойынша, адамның миы мөлшермен 10^{20} -іне тең ақпараттар бірлігін сақтай алатын көрінеді. Жалпыға түсінікті тілге аударғанда — бұл біздің әрқайсымыз дүние жүзіндегі ең ірілердің бірі деп есептелетін Мәскеудегі орталық кітапханадағы миллиондаған томдарда жазылғандардың бәрін есте сақтай алар едік деген сөз. Қоркемөнер адамдарының бірегей жадында сақтау қабілеттері бұл бағыттағы ғажап күбылыштарға куә болады.

Жамбыл туралы бір естелігінде Ә.Тәжібаев майталман ақынның миллион жол өлеңді жатқа айтатыны туралы жазған еді. Қазақ арасында ұзақ дастандарды апталап, айлас жатып, бірінен соң бірін жатқа соғатын жырышылар аз болмаған. Мұндай құбылыс қырғыздың манасшыларына да тән. Дина Нұрпейісова бала кезінде атақты сазгер Құрманғазының тартуынан бір-ақ рет естіген күйді айналтпай домбыраға салып алып, кейін өзі орындан жүрген. Моцарт ірі және күрделі пьесаны бір естігеннен дәл жазып беретін болған. Осыған ұқсас есте сақтау қабілетімен орыс пианисі және сазгері С.Рахманинов та замандастарын тәнті еткен. Саныра болып қалған Бетховеннің ғажап туындылар бергені белгілі.

Зият (интеллект; лат. *intellectus* — тану, түсіну, талқы) — адамның ойлауга, тануга рационалды қабілеттілігі. Жалпылама алғанда, бұл ұғым тұлғаның ақылы мен ойын дамытуға қатысты қолданылады. Зияттың табиғаты сезім, ерік, түйсік, елестету сияқты рухани қабілеттерден өзгеше болады.

Қазіргі заманғы психологияда зият ұғымы көбінесе тұлғаның жеке-типологиялық даму ерекшеліктерін